





Ғ.Б. Шойбекова¹ , **С.А. Оданова^{2*}** ,
А.Ж. Үдербаев² , **З.Ж. Жорабек¹** 

¹Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

²Қ. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті, Алматы, Қазақстан

*e-mail: s.odanova@satbayev.university

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ШЕТЕЛДІК СТУДЕНТТЕРДІҢ ТІЛДІК ЖАҒДАЯТЫ: ТРАНСЛИНГВИЗМ ЖӘНЕ ТІЛДІК КОДТЫҢ АУЫСУЫ

Мақалада қазіргі кезде елімізде білім алып жатқан шетелдік студенттердің мемлекеттік тілді игеру кезінде кездесетін түрлі лингвистикалық, әлеуметтік, транслингвалдық ерекшеліктері қарастырылады. Елімізде жоғары оқу орындарында білім алып жатқан шетелдік түркімен студенттері стандартқа сәйкес жалпы білім беретін пәндер қатарында қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде оқиды. Еуропалық стандарт негізінде (5 ECTS) оқитын білім алушылар тілді игеру кезінде транслингвистикалық құбылыстарға, тілдік кодтардың ауысуына кезігеді. Олар тіл үйрену кезінде осындай тілдік жағдаяттарға тап болады. Осы құбылысты зерттеу – лингвистердің міндеті. Қазақстандағы шетелдік студенттердің тілдік жағдаятын зерттеу барысында кешенді талдау әдісі, тіл үйренудегі қиындықтары мен транслингвизмнің когнитивтік артықшылықтарын сапалық тұрғыдан талдау үшін сұқбаттасу, байқау әдістері, этнографиялық бақылау әдістері қолданылды.

Зерттеу нәтижелері түркітілдес студенттердің шеттілді игеру барысында кездесетін бірінші кедергілері орыс тілін транскомуникативті құрал ретінде пайдалануы болады. Сондықтан тіл парадигмаларын игеру кезінде орыс тілінің синтаксистік құрылымдарын тікелей аударма ретінде пайдаланғандығы байқалады. Бұл транслингвизмнің өзі білетін тіл арқылы үйреніп жатқан тілінің элементтерін пайдалану арқылы коммуникация орнатудың бір жолын көрсетеді. Сондай-ақ мәтіндер арқылы игеру негізінде фонетика, лексика, морфология, синтаксистік құрылымдарды пайдалануда транслингвистикалық ерекшеліктерді пайдаланып, ойын жеткізетіндігі анықталды. Транслингвистикалық ерекшеліктер код ауыстырулар арқылы көрініс табады. Код ауыстыру түрлері мәтін арқылы оқу кезінде айтылым, жазылым, оқылым, тыңдалым арқылы фонетикалық, лексикалық, морфологиялық, синтаксистік интерференция мысалдары арқылы дәйектелді. Түркіменстандық шетелдік студенттердің тілдік жағдаяты транслингвистикалық құбылыс түрінде сипатталып, сөйлеу кезіндегі өзгерістері Қазақстанның тілдік жағдаятының бір қырын көрсететін мысалдар бола алады.

Түйін сөздер: тілдік жағдаят, транслингвизм, тілдік код, код ауыстыру, түркітілдес студенттер.

G.B. Shoibekova¹, S.A. Odanova^{2*}, A.Zh. Uderbayev², Z. Zhorabek¹

¹Kazakh National Women's Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

²Satbayev University, Almaty, Kazakhstan

*e-mail: s.odanova@satbayev.university

The Linguistic Situation of International Students in Kazakhstan: Translingualism and Code-Switching

This article examines the various linguistic, social, and translingual aspects that international students currently studying in our country face when mastering the state language. International students of Turkmen descent studying at higher education institutions in our country study Kazakh as the state language in their general education subjects according to the standard. Students studying based on the European standard (5 ECTS) encounter translingual phenomena and code-switching when mastering the language. They also encounter these linguistic phenomena when learning the language. Studying this phenomenon is a task for linguists. In this study of the linguistic situation of international students in Kazakhstan, a comprehensive analysis method, as well as interviewing, observation, and ethnographic observation, were used to qualitatively analyze the difficulties in language learning and the cognitive benefits of translingualism. The study's results revealed that the first obstacle faced by Turkic-speaking foreign language students in the language acquisition process is the use of Russian as a transcommunicative tool. It was observed that, when mastering linguistic paradigms, they used Russian syntactic structures as a direct translation. This demonstrates that translingualism is a way to establish communication

tures as a direct translation. This demonstrates that translanguaging is a way to establish communication by using elements of the target language through their existing language. It was also found that translinguistic features are used to convey ideas through phonetics, vocabulary, morphology, and syntactic structures based on pronunciation, listening, reading, and writing tasks through texts. Translinguistic features are reflected in code-switching. Code-switching was confirmed by examples of phonetic, lexical, morphological, and syntactic interference. The linguistic situation of Turkmen foreign students can be described as a translinguistic phenomenon, and their changes in speech can serve as examples reflecting the linguistic situation in Kazakhstan.

Keywords: language situation, translanguaging, language code, code switching, Turkic-speaking students.

Г.Б. Шойбекова¹, С.А. Оданова^{2*}, А.Ж. Үдербаяев², З.Ж. Жорабек¹

¹Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан

²Казахский национальный исследовательский технический университет
имени К. Сатпаева, Алматы, Казахстан

*e-mail: s.odanova@satbayev.university

Языковая ситуация иностранных студентов в Казахстане: транслингвизм и переключение языковых кодов

В статье рассматриваются различные языковые, социальные и транслингвальные особенности, с которыми сталкиваются иностранные студенты, обучающиеся в настоящее время в нашей стране, при освоении государственного языка. Иностранные студенты туркменского происхождения, обучающиеся в высших учебных заведениях нашей страны, изучают казахский язык как государственный язык в рамках общеобразовательных предметов в соответствии со стандартом. Студенты, обучающиеся на основе европейского стандарта (5 ECTS), сталкиваются с транслингвистическими явлениями и переключением языковых кодов при освоении языка. Изучение этого явления является задачей лингвистов. В исследовании языковой ситуации иностранных студентов в Казахстане для качественного анализа трудностей в изучении языка и познавательных преимуществ транслингвизма использовался метод комплексного анализа, а также методы интервью, наблюдения и этнографического наблюдения.

Результаты исследования показали, что первым препятствием, с которым сталкиваются тюркоязычные студенты, изучающие иностранные языки, в процессе усвоения языка, является использование русского языка в качестве транскомуникативного инструмента. Таким образом, было замечено, что при освоении языковых парадигм они использовали синтаксические структуры русского языка в качестве прямого перевода. Это показывает, что транслингвизм является способом установления коммуникации путем использования элементов изучаемого языка через уже имеющийся у них язык. Также было установлено, что транслингвистические особенности используются для передачи идей с помощью фонетики, лексики, морфологии и синтаксических структур на основе задач произношения, аудирования, чтения и письма посредством текстов. Транслингвистические особенности отражаются в переключении кодов. Переключение кодов было подтверждено примерами фонетической, лексической, морфологической и синтаксической интерференции. Языковую ситуацию туркменских иностранных студентов можно описать как транслингвистическое явление, а их изменения в речи могут служить примерами, отражающими языковую ситуацию в Казахстане.

Ключевые слова: языковая ситуация, транслингвизм, языковой код, переключение кодов, тюркоязычные студенты.

Кіріспе

Қазіргі кезде еліміздің көптеген ЖОО-да шетелдік студенттер білім алуда. Бұл белгілі бір жағдайда қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде оқытудың жаңа мүмкіндіктерін ашады. Қазақстандағы шетелдік студенттердің тілдік жағдаяты, транслингвизм және тілдік кодтың ауысуы әлеуметтік лингвистиканың зерттеу нысанына кіреді. Қазақстанға келген шетелдіктер мұндағы тілдік жағдайдың кең спектрлі екенін біледі. Себебі қазіргі Қазақстанның тілдік жағдайында

үлттық тіл – қазақ тілі. Мемлекеттік тілмен қатар қолданылып келе жатқан орыс тілі, сонымен қатар коммуникацияға еніп келе жатқан ағылшын тілі секілді тілдерде коммуникацияға түсе беретіні шетелдіктер үшін қолайлы болуы әбден мүмкін. Қазақстанның тілдік жағдаяты еліміздің көпэтносты екені негізінде үлкен тілдік лаборатория секілді әсер қалдырады. Сондай-ақ үлттық тілдің мемлекеттік мәртебесінің жоғары екендігімен де ерекшеленеді.

2025 жылы «Атамекен бизнес» арнасының хабарлауынша, Қазақстанда 35 мыңнан аса ше-

телдік студент білім алып жатыр (Абаева, 2025). Олар әлемнің 88 мемлекетінен келген. Бұл шетелдік студенттердің географиялық аясының кеңдігін көрсетеді. Осы ақпарат көздерінде ең көп студент Үндістаннан келген (9959 студент); одан кейінгі орында Түркіменстаннан келген студенттер (9089 студент) тұр екен. Одан кейінгі орындар Өзбекстан (4136 студент), Қытай (3367 студент), Ресей (2426 студент) елдеріне тиесілі.

Шетелдік студенттер Қазақстанның Алматы, Астана және Шымкент қалаларына топтанған. Алматыдағы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, С. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті, Қ. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетіне, сонымен қатар Астанадағы Л. Гумилев атындағы Еуразия университетіне, Шымкенттегі М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетіне шетелдік білім алушылар көптеп келеді. Соңғы жылдары Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетіне білім алуға келген түркіменстандық студенттер саны молайған.

Әлемдегі ірі елдер дүние жүзі халқына өз білімдерін экспорттауда. Бұл жүйеден Қазақстан да алшақ кетпей, білімді сыртқа экспорттауды бастап, бүгінде біртіндеп, жолға қойылып келеді. Қазақстан білім экспорттауда көшбасшы елдер қатарына қосылу үшін қарқынды еңбек етіп келеді.

Шетелдік студенттер Қазақстанның ЖОО-ларында оқитын болғандықтан, біздің елдің білім алу жүйесінің ережелеріне, стандарттарына сүйеніп, білім алады.

Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығы, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 27 шілдедегі №28916 болып тіркелген «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Заңында «Қазақ (орыс) тілі» пәніне еңбек сыйымдылығы 10 кредит бөлінген. Бұл сағат бойынша жылына 300 академиялық сағатты құрайды («Zhogary zhane zhogary oqu ornynan keingi bilim beru turaly...», 2022). Ал «Қазақ (орыс) тілі» пәнін шетелдік студенттер 5 кредиттен екі пәнге бөліп оқиды. Себебі отандық студенттердің қазақ тобы орыс тілін 10 кредит, орыс тобы қазақ тілін 10 кредит оқиды. Ал мұнда шетелдік студенттерде жағдай мүлде басқа. Себебі олар мемлекеттік тіл – қазақ тілімен қоса орыс тілін де қатар оқитын болғандықтан, 10 кредитті екіге, яғни бес-бестен тең бөліп оқиды.

Материалдар мен әдістер

Бүгінгі Қазақстанның жоғары білім беру жүйесінде түркітілдес елдерден келген студенттердің мемлекеттік тілді игеруін зерттеу – транслингвизм мен тілдік кодты ауыстыру құбылыстарын зерттеуге мүмкіндік береді. Шетелдік студенттердің тілдік жағдаятын талдау үшін кешенді талдау әдісі қолданылды. Кешенді тілдік талдау әдісі тіл білімі парадигмаларын шетелдік студенттер игеру кезінде кездесетін транслингвистикалық өзгерістерді талдаудан тұрады.

Сұқбат студенттердің тілдік тәжірибесіндегі қиындықтар мен транслингвизмнің когнитивтік артықшылықтары туралы сапалық мәліметтер алу үшін қолданылды.

Бірінші кезекте студенттермен сабақ үстінде сөйлесе отырып, олардың лингвистикалық репертуары мен қазақ тілін оқуға деген ынталарын байқау әдісі арқылы анықталды.

Байқау әдісі сабақ үстіндегі сұқбаттасуда түркітілдес студенттердің коммуникациядағы код ауыстыру жағдайлары айқындалды. Студенттердің сабақ кезінде, сондай-ақ сабақтан тыс уақытта табиғи сөйлеу процестері бақыланып, транслингвистік тәжірибелер қағаз бетіне түсірілді. Олардың тіл үйрену кезінде оқытушыға сөйлеген сөздеріндегі тілдік элементтерді араластыра сөйлеуіне этнографиялық бақылау жүргізілді.

Студенттердің сөйлеу мәнері мен жазбаша жұмыстарындағы транслингвистикалық ерекшеліктер мен тілдік кодтардың ауысуы талданады. Дискурс-талдау код ауыстырудың себептерін талдауға мүмкіндік береді.

Зерттеу мақаласын жазу үшін шетелдік түркітілдес студенттердің күнделікті диалогтері, олардың материалды игеру кезіндегі игерген лексикалық минимумдары, транскрипциясы транслингвистикалық және тілдік кодты ауыстырудың себептерін түсінуге, зерделеуге зерттеу материалы ретінде алынды. Бұл материалдар код ауыстырудың лингвистикалық құрылымын, атап айтқанда: фонетикалық, лексикалық, морфологиялық, синтаксистік талдауға негіз болды.

Зерттеуге негіз болған материалдар мен оларды зерттеу әдістері шетелдік студенттердің қазақ тілін игеру кезіндегі транслингвизм мен код ауыстыру құбылысын толық, жүйелі түрде айқындауға әсер етеді.

Әдебиеттерге шолу

Зерттеу тақырыбының теориялық негізі көптілділік және әлеуметтік лингвистика саласын-

дағы іргелі еңбектерге сүйенеді. Қазіргі ғылыми парадигмада шетелдік студенттердің тілдік жағдаятын талдау тілдік кодтың ауысуы және транслингвизм секілді екі негізгі концепция арқылы жүзеге асады.

Транслингвизм теориясының негізін қалаушылар О. Гарсия (García & Wei, 2014) және Ли Вэй (Li, 2008) тілді бөлек-бөлек грамматикалық жүйелер емес, біртұтас когнитивтік ресурс ретінде қарастыруды ұсынады. О. Гарсияның пайымдауынша, транслингвизм – бұл тек тілдерді араластыру емес, студенттің өз білімі мен тәжірибесін жеткізу үшін барлық тілдік репертуарын (ана тілі, ағылшын, қазақ, орыс) еркін пайдалану процесі (García & Wei, 2014). Бұл концепция шетелдік студенттердің тілді меңгерудегі «қателіктерін» емес, олардың стратегиялық икемділігін зерттеуге мүмкіндік береді.

Тілдік кодтың ауысуы Дж. Гамперц (Gumperz & Naim, 1960) пен К. Майерс-Скоттонның (С. Myers-Scotton) еңбектерінде жан-жақты сипатталған. Дж. Гамперц код ауыстырудың әлеуметтік-прагматикалық функцияларын (мысалы, белгілі бір әлеуметтік топқа жататындығын білдіру немесе ақпаратты нақтылау) анықтаса, К. Майерс-Скоттон оның грамматикалық шеңберін негіздеді (Myers-Scotton, 1992). Шетелдік студенттер контекстінде бұл теория олардың қай сәтте академиялық стильден бейресми стильге ауысатынын түсінуге көмектеседі.

Орталық Азия және Қазақстандық контексте еліміздегі көптілділік жағдайындағы транслингвизм мәселелері Э.Д. Сүлейменованың зерттеулерінде тілдік саясат тұрғысынан қарастырылады (Suleimenova, 2019).

Еліміздегі тілдік жағдаят туралы, коммуникация кезіндегі код ауыстыру туралы зерттеушілер өз пікірлерін де ғылыми айналымға түсіруде (Odanova et al., 2025b). Сондай-ақ, Б. Гудман (B. Goodman) мен С. Тастанбек соңғы жылдардағы еңбектерінде Қазақстанның жоғары оқу орындарындағы шетелдік студенттердің тілдік бейімделуі мен транслингвистік тәжірибелерінің тиімділігіне баға берілген (Goodman & Tastanbek, 2021).

Қазіргі социолінгвистикада шетелдік студенттердің өзінің ана тілін, келген елінің тілін, сонымен бірге қазақ тілін, орыс тілін (немесе ағылшын тілін) коммуникативті мақсатқа жұмсайтыны көрінеді.

Дж. Кеноз (Cenoz, 2000) бен К. Хоффманның (Hoffmann, 2001) үш тілді игергендердің коммуникацияда өздерінің стратегиялық мақсаттарын жүргізуге деген коммуникативті тактика

деп таниды. Үштілділік кезіндегі мәселелер де Ю.Е. Лещенконың еңбектерінде қарастырылған (Leshchenko, n.d.)

С. Ярвис, А. Павленко (Jarvis & Pavlenko, 2008) мен У. Жеснер (Jessner, 2008) Психолінгвистика тұрғысынан тіларалық қарым-қатынастар жеке тұлғаның санасындағы тілдік қатынастардың туындауына алып келеді. Осыған сәйкес тілдердің байланысы тілдің әлеуметтік сипатын байқатады. Тілдік кодтың ауысуын көрсетеді. Ауысудың себептерін айқындауға негіз болады. Бұл мақалада үштілді тіларалық өзгерістер сөз болады. Сөз болған тіларалық өзгерістерге кодтың кірігуі, кодтың ауысуы, және транслингвизм мәселесі қарастырылған. Бұл үш тіларалық өзгеріс бір ментальды кеңістіктегі тілдердің өзара байланысының тығыз екенін, үш тіл бір-біріне қандай әсер ететінін, қандай жолмен өзгерістерге ұшырайтынын анықтауға мүмкіндік береді.

Тілдердің араласуы тілдік жүйеге хаостық сипат алып келеді. Себебі ол жерде тек коммуникативті стратегияны орындау үшін ғана тілдік тактикалар деп қарауға болады. Ал тілдік жүйенің бұзылып, ұлттық сипатын сақтап дамуына кері ықпалын береді. Тілдердің араласуы билингвистік жүйеге сәйкес жүзеге асады деп айтады орыс ғалымы Ю.Е. Лещенко (Leshchenko, n.d.).

Осыған ұқсас пікірді Л. Арнберг ғалым былай түсіндіреді: «алғашында екітілді ортада өскен бала коммуникацияда екі тілдің ара жігіне шек қоймай қолдана береді. Тілдерді араластыруға тән нәрсе сөйлеуші ажыратпайды. Коммуникативті мақсатты жүзеге асыру үшін кез келген ситуацияда қолдануға болады» (Arnberg, 1987). Қазақстанға келген шетелдік студенттерде көптілділіктің ішінде үштілділік сипаты басымырақ. Мәселен, түркімен студенттерге бақылау жүргізгенде үштілді, екітілді екендіктеріне көз жеткіздік.

Екітілді түркімен студенттер өздерінің 1) ана тілін білетіндер, орыс тілін білетіндер, 2) ана тілін білетіндер, ағылшын тілін білетіндер болып екіге бөлінеді. Сонымен қатар қалалық түркімен студенттер үштілді екендеріне көз жеткіздік. Олар ана тілін, орыс тілін, ағылшын тілін білетіндер болып келеді. Қазақстанға келген соң, олар қазақ тілін оқыған соң, төртінші тіл ретінде қазақ тілін өздеріне қосып алып, төрттілді шетелдік студенттер қатарын толықтырады.

Қазақ тілін төртінші тіл ретінде қосып алуына бірден-бір себеп, түркімен тілі мен қазақ тілінің түркітілдес халықтарға жататындығын, ортақ тілдік ерекшеліктердің болатындығы, тіл

үйрену кезінде транслингвалды әдістің нәтижесі деп айтуымызға негіз бар. Ортақ фонетикалық ұқсастық, ортақ лексикалық бірліктер, олардың мағыналарының ортақтығы немесе ұқсастығы, ұқсас морфологиялық ерекшеліктер мен синтаксистік жүйе түркімен студенттердің тілді тез игеруіне септігін тигізеді.

Транслингвизм – тілді игеру процесіндегі тиімді әрі қызықты үдеріс. Кез келген халықтың туыстас тілдерді игеру кезінде үйренетін тілін өзінің ана тілімен қатарластырып, салыстырып отырып игертеді. Трансферлеудің екі түрлі түрін ғалым Kathleen Bardovi-Harlig, Rex A. Sprouse тіл үйренушінің ана тілінің әсерін «трансфер» деп атайды (Bardovi-Harlig & Sprouse, n.d.).

Трансфердің, яғни ана тілінің әсері екі түрлі болатындығын да атап өтеді. Оң және теріс трансфер деген терминді айтады. Тілді үйрену кезінде тілдік бірліктерді дұрыс айту, қате айту, өзгеріспен айту секілді процестер өтеді. Осы процестер оң және теріс трансфер деп аталған.

Оң және теріс трансфер де – шетелдік түркітілдес студенттердің қазақ тілін игеруде кездесетін тілдік процестер.

Нәтижелер мен талқылау

Оң және теріс трансферлер шетелдік студенттерде тілді игеру кезінде кездеседі. Қазақстанда қазақ тілі, орыс тілі қатар қолданылатын ортада шетелдік студенттердің орыс тілінде де қарым-қатынас жасай беретінін біледі. Сол үшін қазақ тілін үйренбей қала ма деген де қауіп бар. Бірақ түркітілдес шетелдік студенттерге қазақ тілін үйрену оңайырақ болады деп ойлаймыз. Университетте қазақ тілін оқытқанда диглоссияға бейімдеп оқыту керек. Сосын өздерінің тілдерімен салыстыра отырып оқыту олардың қызығушылығын тудырады.

Қазақстан көптілді ландшафт болғандықтан, мемлекеттік тілді жүйелі оқыту, түрлі әдіс-тәсілдерді пайдаланып, шеттілдік түркітілдес студенттердің қызығушылығын тудыратындай транслингвалды жаңа парадигмамен оқытуды ұсынамыз. Транслингвизм тілді жеке-жекелеп емес, ортақ белгілерін айшықтап көрсете отырып, біртұтас тілдік жүйе, ресурс ретінде оқытуды мақсат етеді.

Транслингвизмді екі түрлі сипатта түсінуімізге болады.

Біріншісі, түркітілдес студенттердің қазақша жазылған материалды өз тіліне аударып алып, одан кейін оны қайта қазақша айтып беру тәсілі жатады. Бұл дегеніміз – үйреніп жатқан тілін

өзінің ана тілі арқылы (яғни транс тілі ана тілі) үйрену деген сөз.

Екіншісі, оқып жатқан тілін өз тіліндегі сөздермен салыстырып, ұқсатып барып үйрену.

Мысалы, ана сөзі түркімен тілінде Еје деп аталса, ол қазақ тілін үйренуде тілді үйретуші оған екеуін салыстыру арқылы қазақ тіліндегі анаға қатысты ассоциограмманы жасап отырып, түсіндіру шарт деп ойлаймыз. Мәселен, отбасындағы әйелдердің ассоциограммасына *ана, ене, әже, апа, әпке, қыз, шеше*, т.б. осы сөздердің ішінде түркімен тіліндегі *едже* сөзі тұлғалық жағынан сәйкес келіп тұр. Бұл сөз біздің тіліміздегі *ана, шеше* деген мағынаны білдіреді. Бірақ екі сөздің де дыбысталуында ерекшеліктер бар. Бір оқығанда, екі тілдегі мағыналарын салыстырғанда, ұғынғанда тіл үйренушіге түсінікті болатыны белгілі. Тек дыбыстық өзгерістері ғана ерекшелейді. Мысалы, түркімен тілінде *e* айтылғанымен ол біздің қазақ тіліндегідей таза *e* емес, *э* дыбысына сәйкес келеді. Ал *ж -дж* -ға сәйкес келеді. Ал соңғы *e* қазақ тіліндегідей дыбысталады.

Осы сөзді айтқандағы тілдік салыстыруда соңғы *e* дауысты дыбысы ғана оң трансферді көрсетеді. Ал *едже* дегендегі *дж* теріс трансферді көрсетіп тұр. Себебі бұл сөздің орфоэпиялық түп-төркіні *едже/еже/әже* болып қалады. Осылайша, тіл үйренуші қазақ тілін салыстырмалы түрде есте сақтап, үйреніп алады. Демек, есте сақтаудың бір жолы, көзбен көріп қолмен ұстау, белгілі бір нәрсемен салыстырғанда есте мықтап сақталатын психологиялық ерекшеліктерге байланысты болады.

Транслингвалды әдіспен тіл үйрену тиімді тәсілдердің бірі бола тұрып, тілдік интерференция құбылыстары да қатар жүреді. Себебі үнемі оң ұқсату бола бермеуі мүмкін. Кейде тіл үйрену кезінде интерференция құбылысы да теріс трансфер беруі әбден мүмкін. Тілді үйрену кезінде фонетикалық, лексикалық, морфологиялық, синтаксистік тұрғыдан кедергілер де болады. Әрине, кедергі деп танылатын интерференция құбылысы тіл үйретуші немесе тіл иесі үшін қате саналғанмен, тіл үйренушінің өзі үшін коммуникация кезінде өте қолайлы болмақ. Себебі тіл үйренуші үшін маңыздысы, дұрыс грамматика емес, ойын жеткізу басты мақсат болып тұрады.

Барлық өзара қарым-қатынасқа түсетін тілдердің арасында өзара байланыстар болады. Ж.К. Ибраева, Г.С. Нәбиева, У.П. Риверс «Фонетикалық деңгейдегі өзгерістер мерзімі жағынан бірінші меңгерілген тілдің тұлғаның екінші

тілінде акцент түрінде көрініс табуынан көрінеді» дейді (Ibraeva, Nabieva, & Rivers, 2020). Ал Б.Б. Алиева фонетикалық интерференция құбылысы туралы «Говорящий переносит произносительные навыки, полученные им в процессе овладения родным языком на изучаемый язык, нарушая фонетическую норму последнего, что и является причиной появления акцента» деген пікір білдіреді (Alieva, 2018).

Фонетикалық интерференцияда екпін де өзгеріп кетеді. Мәселен, қазақ тілінде сөздің соңғы буынындағы дауысқа түсетін болса, шеттілдік түркімен студенттері де соңғы буынға емес, өздерінің тіліндегі екпінді қазақ тіліндегі сөзді айтар кезде пайдаланады. Түркі халқы деген сөзді түркімен тіл үйренуші түрк халқы деп айтады. Түркі деген сөзде *-кі* деп айтылып, *-кі* буынындағы *i*-ге екпін түседі. Ал түркмен тіл үйренушілері *түрк халқы* деп айтып, *түрк* буынындағы *y* дауыстысына екпін түсіріп айтады. Осылайша фонетикалық интерференциядағы екпіннің өзгерісін түсіндіріп беруге болады.

Мысалы, қазақ тілінде *түркмен* деп айтылса, өз тілдерінде *түркмен* деп айтылып, ортасындағы *i* дыбысы түсіріліп айтылады.

1-кесте

Қазақ және түркімен тілдеріндегі фонетикалық интерференция мысалдары

Қазақ елі	Gazak halky
Түркімен халқы	Türkmen halky
Білім алу	Bilim almak
Түркі жұрты	Türk halky
атамекен	Watan
киелі Түркістан	Mukaddes Türküstan
мұнайлы өлке	Nebit sebiti
казба байлықтары	Mineral baýlyklary

Ескерту: Кесте авторлар тарапынан құрастылды

Қазақ деген сөзді Gazak деп айтуда *қ~g* сәйкестігі, *қ~к*, атамекен (отан) деген сөзді *о~ө*, сәйкестігі кездеседі. Байқасақ, бұл сәйкестіктер де дыбыстар жалпы түркі тілдерінің дамуында кездесетін біртектес сәйкестіктер ретінде көрінеді. Сонымен қатар қыпшақ тілдері мен оғыз тілдеріне ортақ дыбыстық өзгерістерді де көреміз.

Ағылшын тілін үйрену кезінде лексикалық бірліктерді жаттауда міндетті түрде айтылуына мән беріледі. Орфоэпиясы дұрыс болмайынша ол сөзді тіл үйретуші қайталата береді. Біздің тіл үй-

ретуімізде орфоэпиялық заңдылықтар сақталмайды. Сондықтан да қазақ тілін үйренушілерде акцент болады. Ол акцентте тіл үйренушінің тілінің орфоэпиялық сипаты айқын байқалып тұрады. Болашақта біздің тіліміз де орфоэпиялық заңдылықты орфографиялық заңдылықпен жазылған сөздің жанына жазып қою шарт деп санаймыз. Бүгінгі күндегі тіліміздің орфоэпиясының жойылып бара жатуы да қазақ тілінің орфоэпиялық заңдылығының жойылуына алып келеді.

«Қоғамдағы тілдік жағдайды қалыптастыратын тілдік саясат тіл қызметінің кеңеюіне, қолдану аяларының артуына, әлеуметтік коммуникативтік рөлінің жоғарылауына, әдеби тілдерді жасау мен дамытуға тікелей әсер ететін негізгі күш болып табылады» (Ibraeva, Nabieva, & Rivers, 2020).

Тіл үйренуде ең көп уақыт жұмсайтын, сондай-ақ бірінші кезекте лексикалық бірліктер жаттайтыны белгілі. Сөз жаттауда тіл үйренушілер өз тілінің ерекшеліктерін міндетті түрде жамап алып жаттайды. Жаттау арқылы лексикалық қор жинақталады. Олардың әлеумет арқылы бекітілген мағыналары қарым-қатынас кезінде контекстке байланысты болып, айтылады, қолданысқа түседі. Түркімен студенттерінің қазақ тілінде қарым-қатынасқа түскен кезінде арасына өздерінің тілінің элементтерін жиі қолданатынын байқаймыз. Сонымен қатар қазақ тілінде айтқанымен де, оларды түркімен тіліне тән акцентпен жұмсартып айту мәнері де кездесетінін көреміз. Мысалы, қазақ тіліндегі *жер көлемі* деген сөз *ýer meýdany* болып айтылады. *Келді* етістігін (*ze(ə)ldi* деп), *көлем* (*gələm* деп) сөзін айтқанда, оғыз тобындағы түркімен тілінде ұяң дыбыстармен айтуы фонетикалық интерференцияның көрінісі болып саналады. Ал енді лексикалық интерференцияда олар бір-біріне түсінбей жатса, білетін түркімен студенттері білмей жатқандарына *көлем* деген сөзді *мейдан* деп құлаққағыс етіп, көмек беруі сөзді арасында лексикалық интерференцияның көрінісі деуге болады. Сол секілді *құрлық* сөзін *ýer* деген бір ғана сөзбен атауының өзі транслингвалды түрғыдан тілді игерудің жолдарын көрсетеді.

Егер тілді үйрену дұрыс жолға қойылмаса, үйреншікті жағдайға айналып, ала-құлалыққа алып келуі мүмкін.

Студенттерден алынған ақпарат бойынша түркімен студенттері бір-бірімен топтасып жүретін болған соң, өзара түркімен тілінде сөйлесетін болғандықтан, жергілікті халықтарға қарата айтылған сөздердің бәрінде қолдануы әбден мүмкін.

2-кесте

Қазақ және түркімен тілдеріндегі лексикалық интерференция мысалдары

жер көлемі	ýer meýdany
ұзындығы	uzynlyk
күрлық	ýer
әкімшілік	administratiw
облыс	sebiti
аумақ	meýdany
санақ	ilat ýazuwy
халық саны	ilat

Ескерту: Кесте авторлар тарапынан құрастылды

Сұқбаттасу кезінде түркімен студенттердің тілінде орыс тіліндегі тілдік элементтер де кездесетіндігін байқадық. *Обязательно окимын, в принципе жаттауға болады, тағы да сол проблема, каждый сабак қайталаймыз, уэзипени (тапсырманы) много бересин* деген мысалдарды көптеп келтіруге болады.

Енді бұл құбылыс өте қалыпты құбылыс деп санаймыз. Тек шеттілдік тіл үйренушілер ғана емес, қазақ тілінің иелерінің сөйлеуінің өзінде көптеп кездеседі.

Ғалымдар қазақ халқының орыс тілін сөз арасына қосып сөйлеуін «қазақ және орыс халықтарының географиялық тарихи және саяси факторларға байланысты ұзақ жылғы қатынастарының салдарынан елімізде билингвизм орын алған. Сондықтан көптеген қазақстандықтар сөйлеуінде интерференция, код араластыру, код ауыстыру сияқты лингвистикалық құбылыстардың орын алуы заңды (Ibraeva, Nabieva, & Rivers, 2020). Ал енді географиялық жақтан қатар отырғанда емес, бір елдің тілінің үстемдік етуі, әлеуметтік, саяси жақтан әсері күшті болуы мүмкін. Сондықтан, бұндай билингвизм географиялық жақтан қатар отырудан емес, жаһандық дамудың әсерлері деуге болады.

Морфологиялық ерекшеліктері бар сөздер қатарына түркімен тіліндегі *günbatar* (күнбатыс, батыс), *gündogar* – күншығыс, шығыс); *günorta* – оңтүстік, *demirgazyk* – солтүстік деген атаулар жатады. Бұл сөздер түркімен тілінде күрделі атаулармен аталады екен. Біздің қазақ тілінде де бұл ұғымдар күрделі атаулармен айтылып, кейін *шығыс, батыс* деген сөздер үнемдеуге де ұшыраған.

Темірқазық деген атау біздің қазақ тілінде де кездеседі. *Темірқазық* жұлдызы солтүстік полюс нүктесіне жақын орналасқандықтан, түркімен

халқы солтүстікті *demirgazyk* деп атайды. Темірқазық жұлдызының солтүстік жарты шардан көрінетіндігі *солтүстік = темірқазық* деген атаудың қатар қолданылуы шартты деп түсінеміз.

3-кесте

Қазақ және түркімен тілдеріндегі морфологиялық интерференция мысалдары

Батыс	günbatar
шығыс	gündogar
оңтүстік	günorta
солтүстік	demirgazyk

Ескерту: Кесте авторлар тарапынан құрастылды

Түркімен студенттерінің сөздерді айтқан кезде код ауыстыру жағдайлары морфологиялық тұрғыдан да байқалады. Мысалы, *ұзындық* деген сөзі қазақша айту кезінде *узунлык* деп айту кездеседі. Бұл морфологиялық интерференцияның көрінісін көрсетеді. Себебі үндестік заңы түркі тілдерінің бәрінде бар болғанмен, әрқайсысындағы заңның үлесі әртүрлі. Мысалы, қазақ тілінде дыбыс үндестігі көбірек сақталғанмен, қазіргі кезде ерін үндестігі әлсіреген. Ал түркімен тілінде дыбыс үндестігі түбір мен қосымша арасында белгілі бір деңгейде бәсең болғанмен, ерін үндестігі жақсы сақталған. Бұған дәлел ретінде *uzynlyk, Türküstan, daşary ýurtda okamak, üçünji, dördünji, dokuzynjy, onunjy, otuzynjy* деген тілдік бірліктерді атауымызға болады. Бұл тілдік бірліктерде отуз дегенде бірінші буындағы еріндіктің әсерінен екінші буында да у еріндік дауыстысы сақталған. Ал біздің қазақ тілінде *отыз* сөзінде бірінші буында *о* еріндік дауыстысы келгенмен, екінші буында *ы* езулік дауыстысы жазылады. Ерін үндестігі сақталмай жазылуы орфоэпияда да көрініс табады. Орфоэпиялық үндестіктің қазақ тілінде бәсеңдеді деген пікірімізді осы мысал дәлелдей алады. Бұған *оныншы – онуншы, төртінші – дөртунжі, тоғызыншы – докузынжы, Түркістан – Түркүстан, ұзындық – узунлык* деген сөздер ерін үндестігінің екі тілдегі өзгешелігіне көптеп мысал бола алады. Сонымен қатар бұл сөздерді түркімен студенттері ойды тез жеткізгісі келгенде өз тілінің ерекшелігіне салып, айтатыны байқалды.

Ал жайлап түсіндіргенде, әрине, қазақ тіліндегі сөздерді дәл, айқын айтатыны көрінді. Бұл код ауыстыру кезіндегі морфологиялық интерференцияның көрінісі болды.

Енді дыбыс үндестігінің әлсіз және күшті жақтарын талдап көрейік. Дыбыс үндестігін екі түрлі интерференция аясында қарастырып көруімізге болады. Бір түбір ішінде немесе түбір мен қосымшаның ара жігінде *узунлук* деген сөзде түбір мен қосымша арасында дыбыс үндестігі сақталмаған. Сол секілді *kyrkdan, üçden, başden-başden* деген сөздерде дыбыс үндестігі сақталмаған. Егер *kyrk* деген түбірге қосымша морфема *-dan* жалғанып тұр. Сөздің соңғы дыбысы *к* қатаң болғандықтан, *-тан* деп, қатаңнан басталатын қосымша жалғануы керек еді. Бірақ бұл қазақ тілі емес, түркімен тіліне қатысты тілдік ерекшелік деуге болады.

Транслингвизм және тілдік кодтардың ауысуы тілдің барлық парадигмасында кездеседі. Синтаксистік қабатты игеруде шетелдік студенттер тілдік заңдылықтарды бұзып сөйлейді. Синтаксистік заңдылықтардың сақталмауы кез келген тілді жаңадан үйреніп жүргендердің бәрінде кездеседі. Олар да бұрынғы орыс тілі мен түркімен тілдерін қатар игергендіктен, тура біздің билингвтердің сөйлеу тіліне ұқсас қателіктер орын алады. Мәселен, «мен ойлайм» деп басталып, әрі қарай өз ойын айтады. Сөйтіп, сөйлем құрылысын қате құрастырып, синтаксистік кодты ауыстырулар кездеседі.

Екіншіден, өзге тіл деңгейлеріндегі секілді синтаксистік өзгерістер көп кездеспейді. Себебі сөйлем құрылысы түркі тілдерінде бірдей. Тек сөйлем мүшелерінің орнын ауыстырып қолдану ғана кездеседі. «Кеше айттыңыз... сіз», «орындамадым сабақты», «бен билмедім буны» деген тілдік оралымдарда түркі тілдерінің заңы негізіндегі сөйлемнің формуласы бойынша бастауыш сөйлемнің басында тұру керек болса, сөйлеу тілінде бастауыш сөйлем соңына шыға келеді. Бұл сөйлеу тілінде кездесетін қалыпты, нормаға айналған қолданыс деуге болады. «Дұрыс нәрсе жасадым», «дұрыс емес істедім», «білмес істедім», «сабақ жасап емес келдім» деген шеттілдіктердің тілінде кездесетін синтаксистік интерференция құбылысы тілдік кодтардың араласуы мен ауысуына мысал бола алады.

Бұндай синтаксистік құрылымдарды қолдануы – сөзсіз орыс тілінің әсері деуімізге негіз бар. «Орыс тілінде сөйлем мүшелерінің грамматикалық тұрғыда қатал тәртібі жоқ. Коммуникативтік жағдаяттағы сөйлеушінің мақсатына орай сөйлем мүшелерінің орны өзгере алады» (Ibraeva, Nabieva, & Rivers, 2020).

Қазақ тілінің сөйлемінде сөздер синтаксистік, мағыналық және стилистикалық тұрғыдан

ретімен орналасады. Сөйлемдегі сөздер өз ішінде белгілі бір сөздердің байланысу тәсілдері мен формалары арқылы байланысады. Жоғарыдағы 4-кестедегі мысалдар да белгілі бір тәсілдер мен формалар арқылы байланысу керек еді. Бірақ олардың байланысынан оны көріп тұрған жоқпыз. Сондықтан синтаксистік код ауыстыру процесінің жүргендігін көреміз.

4-кесте

Қазақ және түркімен тілдеріндегі синтаксистік интерференция мысалдары

Сөйленіс	Айтқысы келген ойы	Дұрыс синтаксистік құрылысы
«Дұрыс нәрсе жасадым»	Дұрыс істедім (орындадым)	Тапсырманы дұрыс орындадым.
«дұрыс емес істедім»	Дұрыс істемедім	Тапсырманы дұрыс орындамадым.
«білмес істедім»	Дұрыс түсінбедім.	Түсінбегендіктен, сабақты қате орындадым.
«сабақ жасап емес келдім»	Сабақты орындамадым	Берілген сабақты орындамай келдім.

Ескерту: Кесте авторлар тарапынан құрастылды

Қазақ тілінің заңдылығы бойынша баяндауыш сөйлемнің соңында, бастауыш сөйлемнің басында (кейде ортасында) немесе өзі анықтайтын мүшенің соңында, анықтауыш өзі анықтайтын сөздің алдында, толықтауыш пен пысықтауыш өздері қатысты сөздердің алдында тұрады (Alieva, 2018) деген ғалымдардың пікірін осы жерде келтіруімізге болады.

Сөйлеу үдерісін лингвистер бақылау кезінде өзге ұлт өкілдері болғандықтан, этика талаптары да сақталуы керек. Мәдениетаралық коммуникация екенін ескере отырып, сыпайылық, ресми қарым-қатынасты сақтаған жөн. Сәтбаев университетінің шетелдік студенттерінің қазақ тілі сабағында мемлекеттік тілді меңгеру үдерісін бақылау барысында этикалық талаптар сақталды. И.А. Стернин лингвистикалық бақылауды ауызша және жазбаша формадағы тілдік материалдарды талдау және нәтижесін шығару деп көрсетеді (Balaqaeu et al., 2005). Біздің шеттілдік студенттердің код ауыстыруын және тіл үйренудегі транслингвизмін бақылау – сабақ кезінде жүзеге асты. Сондықтан этика талаптары сақталды.

Қазақ тілін үйреніп жүрген түркімен студенттерінің тілдік тәжірибелері когнитивтік процесс деп танылады. Себебі тілдік таным да

тілді игеру кезінде көмекке келеді. Түркітілдес қазақ тілін үйренуші түркітілдес студенттің саңасында өзінің ана туралы қалыптасқан лексикалық жүйе қазақ тілін оқу кезінде автоматты түрде көшіріледі. Мысалы, күн сәулесі – *gün şöhlesi*, көлеңке – *kölege*, кемшілік – *kemçilik*, қадір – *gymmat*, сағат тілі – *sagat dili*, қол сағат – *bilek sagady*, қалта сағат – *jübü sagady*, құм сағаты – *gum sagady*, өлшеу – *ölçemek*, табиғи – *tebigy*, тап – *dar*

Қазақ және түркімен тілі де түркі тілдеріне жататын болғандықтан, көп сөздердің түбірлерімен қатар, лексикалық синонимдері де бар екенін көруге болады. Кейбіреулері семантикалық дивергенцияға ұшыраған. Екі түрлі халықтың тілдік коммуникациясы кезінде туындайтын мәселелердің бірі – семантикалық дивергенция, бұл – өзге түркітілдес халықтардың ортақ мағыналы сөздері.

Қазақ тілін үйренуде түркімен студентіне түркілік лингвистикалық интуиция көмекке келеді. Қазақ тілі сабақтарында түркімен студент-

тердің тілінде кездескен ерекшеліктер төмендегі кестеде берілген.

5-кесте

Қазақ және түркімен тілдеріндегі семантикалық дивергенция мысалдары

Зат есім	
күн сәулесі	gün şöhlesi
көлеңке	kölege
кемшілік	kemçilik
құм сағаты	gum sagady
орта ғасыр	orta asyr
қалта сағат	jübü sagady
қол сағат	bilek sagady
қадір	gymmat
өркениет	siwilizasiya
сағат тілі	sagat dili

Ескерту: Кесте авторлар тарапынан құрастылды

6-кесте

Қазақ және түркімен тілдеріндегі интерференцияның салыстырмалы кестесі

Түркімен тіліндегі сөз және оның мағынасы		Қазақ тіліндегі сөз және оның мағынасы		Интерференциясы
eje	туған анасы	әже	ата-анасының анасы	Ана атауын әже дегенмен алмастырып айтады.
barmak	саусақ	бармақ	Бас бармақ	Қазақ тіліндегі саусақтардың бәрін бармақ деп атауы мүмкін.
dada	әкесі	Ата	Өзінің атасы	Ата атауын әке дегенмен алмастырып айтады.
gelin	әйелі, жары, қалыңдығы	келін	Үйдің келіні	Түркімен тілінде келінім деп айтқаны, қазақ тіліндегі өз әйелін келінім деп айтқанмен бірдей.

Ескерту: Кесте авторлар тарапынан құрастылды

Осындай ерекшеліктерді ескере отырып, тілді меңгерту оның дискурсына, яғни мағынасына мән беру қажеттігін көрсетеді.

Жалпы білім беретін пән ретінде «Қазақ тілі» пәнінің А1 деңгейіне Сәтбаев университетінде түркітілдес шетелдік студенттер үшін арнайы силлабус жасалды (Odanova et al., 2025a). Силлабус институт директорымен қолы қойылып, мөр басылып, бекітілген. Соның негізінде оқу құралы дайындалды. Оқу құралы Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ базасындағы білім беру оқу-әдістемелік ұйымдарының грифімен басып шығаруға ұсынылып (№ 4 хаттама, 30.12.2025 жыл), жарық көрді (Odanova et al., 2025b).

Қорытынды

Қазақстанда білім алып жатқан түркітілдес шетелдік студенттердің тілдік жағдаяты төрт тілдік транстық жағдайда көрініс табады. Мақалаға түркімен студенттерінің тілдік жағдаяты арқау болғандықтан, бірінші – өздерінің ана тілі, екінші – орыс тілі, үшіншісі – ағылшын тілі, төртіншісі – білім алуға келген елінің мемлекеттік тілі – қазақ тілі.

Қазақ тілін үйрену кезінде түркімен студенттер транс ретінде өз ана тілін, қала берді орыс тілін көбірек қолданады. Себебі қазақ тілін оқу кезінде осы тілдерге ұқсату, ассоциациялау үдерістері жүреді.

Осының нәтижесінде тілді үйрену кезінде трансфер құбылысы жүреді. Трансфердің оң және теріс түрлері болады. Оң трансферде қазақ тілін үйренуші түркімен студенті өз тілінің тілдік ерекшеліктерімен салыстыра отырып, тіл үйренуі жеңілдейді.

Ал теріс трансферде екі тілдегі ерекшеліктер қате қабылдауға алып келеді.

Сонымен қатар тіл деңгейлері тұрғысынан интерференция құбылысы жүреді. Фонетикалық, лексикалық, морфологиялық, синтаксистік интерференция құбылыстары болатындығы тілді үйрену процесінде көрінеді.

Фонетикалық интерференция дыбыстар сәйкестігі, интонация, үндестік заңдары арқылы көрініс табады. Бұл қазақ тілінің қыпшақ тілі тобына, түркімен тілінің оғыз тілдер тобына жататындығымен түсіндіріледі. Екі тілде дыбыстық ерекшеліктердің болуы фонетикалық интерференция құбылысына, тілдік кодтардың ауысуына мысал бола алады.

Тілдік кодтардың ауысуындағы тағы бір сипат – лексикалық интерференция құбылысы. Лексикалық интерференция түркімен студенттерінің тілдік қорын молайту мақсатында қазақ тіліндегі сөздерді жаттап, қолдану кезінде көрініс табады. Тіл иелері арқылы қалыптасқан, бекіген мағыналар коммуникация кезінде өзгеруі әбден ықтимал. Себебі тіл үйренушілер өз тіліндегі мағыналармен алмастырып қолдану мүмкіндігі жоғарырақ болып, лексикалық интерференцияға жол береді. Сонымен қатар сөздерді тіл үйренушінің сөздерді айтуда өздеріне акценттерімен айтатындығы да байқалды.

Тілдік кодтардың ауысуы мен транслингвизмнің келесі тармағын морфологиялық ерекшеліктер толықтырады. Морфологиялық тұрғыдан қазақ тіліндегі дара сөз түркімен тіліндегі күрделі сөзбен алмастырылады. Түркімен тіліндегі күрделі сөздер біздің қазақ тілінде емін-еркін түсінуге болатын тілдік бірліктер болғандықтан, қабылдауға өте ыңғайлы. Сондықтан қазақ тіліндегі дара тұлғалы сөзді де түркімен

тілі толық қабылдап, айта алады. Транслингвизм тіл үйренуге толық көмектеседі.

Синтаксистік тұрғыдан тілдік кодтың ауысуы көп кездеспейді. Себебі қазақ және түркімен тілдері түркі тілдеріне жататын болғандықтан, сөйлем құрылыстары бірдей. Тек мұндағы синтаксистік интерференция қазақ тіліндегідей орыс тілінің әсерінен сөйлем мүшелерінің орнында қолданылмауы – тілдік кодтың ауысуын көрсетеді. Бұл тек түркімен студенттерінің қазақ тілін үйрену кезінде емес, бұрыннан қалыптасқан синтаксистік интерференция деуге негіз бар.

Қазақ тілін түркітілдес халықтардың үйренуі кезінде түркілік лингвистикалық интуиция көмекке келеді деп қорытындылауға болады.

Қаржыландыру

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «2023-2025 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды гранттық қаржыландыру» бағдарламасы бойынша орындалатын ЖТН АР23487324 «Қазақ тілін түркітілдес студенттерге цифрлық технологиялар негізінде транслингвалды аспектіде оқыту» жобасы негізінде әзірленген.

Мүдделер қақтығысы

Авторлар мүдделер қақтығысының жоқ екенін мәлімдейді.

Мақала авторларының үлесі

Шойбекова Фазиза Бейсенбекқызы мен Оданова Сагира Амангелдіқызы мақаланың ғылыми тұжырымдамасын қалыптастырды, зерттеу материалдарын жинақтады және негізгі мәтінді жазды; Үдербаев Алмас Жауынбайұлы және Жорабек Зубайра Жаманбайқызы теориялық бөлімді толықтыруға, эмпирикалық материалдарды жүйелеуге, әдебиеттерді рәсімдеуге және мәтінді техникалық редакциялауға қатысты.

Әдебиеттер

- Abaeva, A. (2025, February 12). Elimizde bilim alatyn sheteldik studentter sany 35 mynнан асты. *Inbusiness.kz*. <https://inbusiness.kz/kz/last/elimizde-bilim-alatyn-sheteldik-studentter-sany-35-mynnan-asty>
- Arnberg, L. (1987). *Raising children bilingually: The preschool years*. Multilingual Matters.
- Алиева, Б. Б. (2018). Фонетическая интерференция и ее причины. *World Science*, 7(35), 11–14. https://doi.org/10.31435/rsglobal_ws/12072018/6014
- Bardovi-Harlig, K., & Sprouse, R. A. (n.d.). Negative versus positive transfer. In *The encyclopedia of applied linguistics*. Wiley. <https://onlinelibrary.wiley.com/doi/full/10.1002/9781118784235.eelt0084>
- Балақаев, М., Томанов, М., Жанпейісов, Е., & Манасбаев, Б. (2005). *Қазақ тілінің стилистикасы*. Алматы.

- Cenoz, J. (2000). Research on multilingual acquisition. In J. Cenoz & U. Jessner (Eds.), *English in Europe: The acquisition of a third language* (pp. 39–53). Multilingual Matters.
- Garcia, O., & Wei, L. (2014). *Translanguaging: Language, bilingualism, and education*. Palgrave Macmillan. <https://doi.org/10.1057/9781137385765>
- Goodman, B., & Tastanbek, S. (2021). Making the shift from a codeswitching to a translanguaging lens in English language teacher education. *TESOL Quarterly*, 55(1), 29–53. <https://doi.org/10.1002/tesq.571>
- Gumperz, J. J., & Naim, C. M. (1960). Formal and informal standards in the Hindi regional language area. In C. A. Ferguson & J. J. Gumperz (Eds.), *Linguistic diversity in South Asia*. Indiana University.
- Hoffmann, C. (2001). Towards a description of trilingual competence. *International Journal of Bilingualism*, 5(1), 1–17. <https://doi.org/10.1177/13670069010050010101>
- Ибраева, Ж. К., Нәбиева, Г. С., & Риверс, У. П. (2020). Узус және интерференция мәселелері (қостілділер сөйлеуі мысалында). *ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы*, 3(179), 86–95. <https://doi.org/10.26577/EJPh.2020.v179.i3.ph10>
- Jarvis, S., & Pavlenko, A. (2008). *Crosslinguistic influence in language and cognition*. Routledge. <https://doi.org/10.4324/9780203935927>
- Jessner, U. (2008). Teaching third languages: Findings, trends and challenges. *Language Teaching*, 41(1), 15–56. <https://doi.org/10.1017/S0261444807004739>
- Лещенко, Ю. Е. (2021). Ментальный лексикон трилингва: Смешение языков, переключение кодов, транслингвизм. *Мир науки. Социология, филология, культурология*, 12(2). <https://cyberleninka.ru/article/n/mentalnyy-leksikon-trilingva-smesheniye-yazykov-pereklyuchenie-kodov-translingvizm>
- Li, W. (2008). Research perspectives on bilingualism and multilingualism. In W. Li & M. Moyer (Eds.), *The Blackwell handbook of research methods on bilingualism and multilingualism* (pp. 3–17). Blackwell.
- Myers-Scotton, C. (1992). Comparing codeswitching and borrowing. *Journal of Multilingual & Multicultural Development*, 13(1–2), 19–39. <https://doi.org/10.1080/01434632.1992.9994481>
- Оданова, С., et al. (2025a). *Силлабус, LNg 10411 Қарапайым қазақ тілі (шетелдік түркімен студенттер үшін)*.
- Оданова, С., Жақсылықова, К., Шойбекова, Ф., Ибраймова, Л., Өмірзақова, А., Өскенбаева, Р., & Сатинбекова, М. (2025b). *Қазақ тілі. Қарапайым деңгей А1: Қ. И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ түркімәдениет студенттеріне арналған оқу құралы (ұжымдық оқу құралы)*. Алматы.
- Стернин, И. А., & Розенфельд, М. Я. (2008). *Слово и образ*. Истоки.
- Сүлейменова, Э. Д. (2019). *Әлеуметтік лингвистика терминдерінің сөздігі (Словарь социолингвистических терминов)*. Арман-ПВ.
- Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы. (2022). *Adilet*. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200028916>
- Жорабек, З. Ж., Шойбекова, Ф. Б., & Оспанов, Е. Т. (2025). Коммуникация кезінде балалардың тілдік кодты ауыстыруының әлеуметтік лингвистикалық аспектісі. *ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы*, 4(200), 49–61. <https://doi.org/10.26577/EJPh202520044>

References

- Abaeva, A. (2025, February 12). Elimizde bilim alatyn sheteldik studentter sany 35 mynnan asty [The number of foreign students studying in our country has exceeded 35 thousand]. *Inbusiness.kz*. <https://inbusiness.kz/kz/last/elimizde-bilim-alatyn-sheteldik-studentter-sany-35-mynnan-asty> (In Kazakh)
- Alieva, B. B. (2018). Foneticheskaja interferentsiia i ee prichiny [Phonetic interference and its causes]. *World Science*, 7(35), 11–14. https://doi.org/10.31435/rsglobal_ws/12072018/6014 (In Russian)
- Arnberg, L. (1987). *Raising children bilingually: The preschool years*. Multilingual Matters.
- Balaqaev, M., Tomanov, M., Zhanpeisov, E., & Manasbaev, B. (2005). *Qazaq tilinin stilistikasy* [Stylistics of the Kazakh language]. Almaty. (In Kazakh)
- Bardovi-Harlig, K., & Sprouse, R. A. (n.d.). Negative versus positive transfer. In *The encyclopedia of applied linguistics*. Wiley. <https://onlinelibrary.wiley.com/doi/full/10.1002/9781118784235.eelt0084>
- Cenoz, J. (2000). Research on multilingual acquisition. In J. Cenoz & U. Jessner (Eds.), *English in Europe: The acquisition of a third language* (pp. 39–53). Multilingual Matters.
- Garcia, O., & Wei, L. (2014). *Translanguaging: Language, bilingualism, and education*. Palgrave Macmillan. <https://doi.org/10.1057/9781137385765>
- Goodman, B., & Tastanbek, S. (2021). Making the shift from a codeswitching to a translanguaging lens in English language teacher education. *TESOL Quarterly*, 55(1), 29–53. <https://doi.org/10.1002/tesq.571>
- Gumperz, J. J., & Naim, C. M. (1960). Formal and informal standards in the Hindi regional language area. In C. A. Ferguson & J. J. Gumperz (Eds.), *Linguistic diversity in South Asia*. Indiana University.
- Hoffmann, C. (2001). Towards a description of trilingual competence. *International Journal of Bilingualism*, 5(1), 1–17. <https://doi.org/10.1177/13670069010050010101>
- Ibraeva, Zh. K., Nabieva, G. S., & Rivers, U. P. (2020). Uzus zhane interferentsiia maseleleri: Qostildiler soileui mysalynda [Issues of usage and interference: Based on the speech of bilinguals]. *Eurasian Journal of Philology: Science and Education*, 3(179), 86–95. <https://doi.org/10.26577/EJPh.2020.v179.i3.ph10> (In Kazakh)

Jarvis, S., & Pavlenko, A. (2008). *Crosslinguistic influence in language and cognition*. Routledge. <https://doi.org/10.4324/9780203935927>

Jessner, U. (2008). Teaching third languages: Findings, trends and challenges. *Language Teaching*, 41(1), 15–56. <https://doi.org/10.1017/S0261444807004739>

Leshchenko, Yu. E. (n.d.). *Mentalnyi leksikon trilingva: Smeshenie yazykov, perekliuchenie kodov, translingvizm* [The mental lexicon of a trilingual: Language mixing, code-switching, translanguaging]. <https://cyberleninka.ru/article/n/mentalnyi-leksikon-trilingva-smeshenie-yazykov-pereklyuchenie-kodov-translingvizm> (In Russian)

Li, W. (2008). Research perspectives on bilingualism and multilingualism. In W. Li & M. Moyer (Eds.), *The Blackwell handbook of research methods on bilingualism and multilingualism* (pp. 3–17). Blackwell.

Myers-Scotton, C. (1992). Comparing codeswitching and borrowing. *Journal of Multilingual & Multicultural Development*, 13(1–2), 19–39. <https://doi.org/10.1080/01434632.1992.9994481>

Odanova, S., et al. (2025a). *Sillabus, LNG 10411 Qarapaym qazaq tili: Sheteldik turkimen studentter ushin* [Syllabus, LNG 10411 Elementary Kazakh language: For foreign Turkmen students]. (In Kazakh)

Odanova, S., Zhaksylykova, K., Shoibekova, G., Ibraimova, L., Omirzakova, A., Oskenaeva, R., & Satinbekova, M. (2025b). *Qazaq tili. Qarapaym dengei A1: Q. I. Satbaev atyndagy QazUTZU turkitildes studentterine arnalgan oqu quraly: Uzhyndyq oqu quraly* [Kazakh language. Elementary level A1: A textbook for Turkic-speaking students of K. I. Satbayev Kazakh National Research Technical University: Collective textbook]. Almaty. (In Kazakh)

Sternin, I. A., & Rozenfeld, M. Ya. (2008). *Slovo i obraz* [Word and image]. Istoki. (In Russian)

Suleimenova, E. D. (2019). *Aleumettik lingvistika terminderinin sozdigi: Slovar sotsiolingvisticheskikh terminov* [Dictionary of sociolinguistic terms]. Arman-PV. (In Kazakh and Russian)

Zhogary zhane zhogary oqu ornynan keingi bilim berudin memlekettik zhalpyga mindetti standarttaryn bekitu turaly. (2022). *Adilet* [On approval of the state compulsory standards of higher and postgraduate education]. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200028916> (In Kazakh)

Zhorabek, Z. Zh., Shoibekova, G. B., & Ospanov, E. T. (2025). Kommunikatsiia kezinde balalardyn tildik kodty auystyrudyn aleumettik lingvistikalыq aspektisi [Sociolinguistic aspect of children’s code-switching in communication]. *Eurasian Journal of Philology: Science and Education*, 4(200), 49–61. <https://doi.org/10.26577/EJPh202520044> (In Kazakh)

Авторлар туралы мәлімет:

Шойбекова Газиза Бейсенбекқызы – филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті (Алматы, Қазақстан, e-mail: shoibekova_gaziza@mail.ru).

Оданова Сагира Амангелдіқызы (корреспонденттік автор) – филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Қ. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті (Алматы, Қазақстан, e-mail: s.odanova@satbayev.university).

Үдербаев Алмас Жауынбайұлы – филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Қ. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті (Алматы, Қазақстан, e-mail: a.uderbayev@satbayev.university).

Жорабек Зубайра Жаманбайқызы – PhD докторант, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті (Алматы, Қазақстан, e-mail: zh.zubaira@gmail.com).

Information about the authors:

Shoibekova Gaziza – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Kazakh National Women’s Teacher Training University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: shoibekova_gaziza@mail.ru).

Odanova Sagira (corresponding author) – Candidate of Philological Sciences, Professor, Satbayev University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: s.odanova@satbayev.university).

Uderbayev Almas – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Satbayev University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: a.uderbayev@satbayev.university).

Zhorabek Zubaira – PhD student, Kazakh National Women’s Teacher Training University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: zh.zubaira@gmail.com).

Сведения об авторах:

Шойбекова Газиза Бейсенбековна – кандидат филологических наук, ассоциированный профессор, Казахский национальный женский педагогический университет (Алматы, Казахстан, e-mail: shoibekova_gaziza@mail.ru).

Оданова Сагира Амангельдиевна (автор-корреспондент) – кандидат филологических наук, профессор, Казахский национальный исследовательский технический университет имени К. Сатпаева (Алматы, Казахстан, e-mail: s.odanova@satbayev.university).

Удербаев Алмас Жауынбаевич – кандидат филологических наук, ассоциированный профессор, Казахский национальный исследовательский технический университет имени К. Сатпаева (Алматы, Казахстан, e-mail: a.uderbayev@satbayev.university).

Жорабек Зубайра Жаманбаевна – докторант, Казахский национальный женский педагогический университет (Алматы, Казахстан, e-mail: zh.zubaira@gmail.com).

Келіп түсті: 28 қараша 2025 жыл
Қабылданды: 7 маусым 2026 жыл